

Балабақша қайда?

Шідерті кенті әкімінің есеп беру жиыны мәдениет үйінде өтті. Зал мұздатқыштан кем емес, қатты ызғар бірден байқалады.

- Қатты тоңып отырғандарыңызды түсінем, мұндағы жылу жүйесіндегі кінәратты таба алмай келеміз. Құбырларды да жаңаладық, бірақ көріп отырсыздар, жағдай мез емес. Алдағы уақытта вентиляция жүйесін байқап көреміз,- деді қала әкімі Александр Вербняк кент әкімі Жансерік Жанымханның есебі тыңдалған соң.

Шідертіліктер екі әкімнің де есебін мұқият тыңдап алды. Бұрнағы уақыттағыдай емес, пікір білдіріп, ұсыныс айтушы аз. Шідерті стансасының тұрғыны Ерғанат Мырзабеков балабақшамен қамту мәселесін көтерді. Оның айтуынша, алдағы көктемде бөбегі 3-ке толысымен әйелі жұмысқа шығуы тиіс екен. Ал жергілікті балабақшада орын жоқ. Ондағылар «жаңа оқу жылына дейін күт» дейтін көрінеді.

Шідертінің өз басындағы балабақша меңгерушісі Татьяна Мезенец топтардың толық, артық бала ала алмайтынын алға тартты. Осы кезде қала әкімі:

- Былтыр стансадағы бала саны аздығы себебінен жабылған бастауыш мектебі ғимаратын балабақша етіп

жабдықтауға қаржы бөлдік. Білім бөлімі, осы күнге дейін бұл шаруа неге шешімін таппаған?- деп сұрады.

Нақ сол мезетте құзырлы адамдардан мардымды жауап ала алмаған А.Вербняк сұрақ қоюшыға мән-жайды түсіндіріп жауап беруге уәде етті. Білім бөлімі біздің оқырмандарымызды да шаруаның қалай шешілгенін құлағдар етеді деген үміттеміз.

Шідертіліктер атынан жолданған екінші сұрақ жол мәселесіне қатысты болды. Қ.Сәтбаев атындағы канал өкілі Татьяна Артюгина жөндеуден өткен көпірдің үстімен аса ауыр жүк тасушы көліктердің жүретінін жеткізіп, жолды жарамсыз етіп тастар деп алаңдайтынын айтты.

- Алаңдаушылық білдіруіңіз орынды. Марғұлан ауылының жолы жөнделгенімен, кен руднигінің ауыр техникасы оны жарамсыз етті. МАИ бекетінің жанында тұратын жүк салмағын бақылаушы қызметті көрген боларсыздар. Бұл шаруа сол қызметтің құзырында. Десе де мәселені назардан қалдырмауымыз керек. Сол себепті тағы да құзырлы органдарға хат жазып, бақылауды күшейтуді сұраймыз,- деп жауап қатты қала басшысы.